

**Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 12 қазандағы N 4114
Жарлығын іске асыру туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1998 жылғы 16 қазандағы N 197. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі реформалау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 12 қазандағы N 4114 Жарлығын іске асыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Энергетика, индустрия және сауда министрлігі:

қайта ұйымдастыру рәсімдерін жүргізуді қамтамасыз етсін;
тиісті ведомстволар мен өзінің құрылымдық бөлімшелерінің штат санын қысқартудың есебінен өзінің штат санын қысқарту, осы штат санын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігіне беру жөнінде екі апта мерзім ішінде ұсыныстар енгізісін;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігіне оған жүктелген міндеттердің және берілетін штат санының көлемінде қажетті материалдық-техникалық құралдар мен өзге де мүлікті берсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі, Қаржы министрлігі және Энергетика, индустрия және сауда министрлігі екі апта мерзім ішінде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне мынадай ұсыныстарды енгізісін:

өз құрылымдары мен ережелерін, сондай-ақ тиісті ведомстволардың құрылымдары мен ережелерін бекіту туралы;

қолданылып жүрген заңдарды, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған актілерін "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі реформалау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 12 қазандағы N 4114 Жарлығына сәйкес келтіру туралы.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің қызметін қаржыландыруды 1998 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің және Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің қайта ұйымдастырылатын ведомстволары мен құрылымдық бөлімшелерін ұстауға көзделген қаражаттың есебінен қамтамасыз етсін.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің бірінші орынбасары О.Ә.Жандосовқа жүктелсін.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК